

Халықаралық отбасы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 1994 жылғы 5 қазан N 174-ХІІІ

1994 жылы Халықаралық отбасы жылының өткізілуіне байланысты және адамгершілік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан немесе бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазадан:

а) бұрын еңбекпен тәрбиелеу колонияларында ұсталмаған тағайындалған жаза мерзіміне қарамастан, кәмелетке толмағандар;

б) үш жылға дейінгі мерзімді қоса бас бостандығынан айыруға сотталған осы баптың "а" тармағының күші қолданылмайтын кәмелетке толмағандар босатылсын.

2. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан немесе бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазадан тағайындалған жаза мерзіміне қарамастан:

а) 16 жасқа дейінгі балалары, I және II топтағы мүгедек балалары бар, сондай-ақ жүкті әйелдер;

б) әскери және интернационалдық борышын орындау кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлері; соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың әйелдері босатылсын.

3. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан немесе бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазадан және тағайындалған жазалау шарасына қарамастан:

а) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдар;

б) 60 жастан асқан еркектер, 55 жастан асқан әйелдер;

в) I және II топтағы мүгедектер;

г) балаларының анасы қайтыс болған немесе ата-аналық құқықтан айырылған, 16 жасқа дейінгі балалары бар еркектер босатылсын.

4. Осы заңның 1-3-баптарының күші қолданылмайтын, жазалау мерзімінің алты айға жетпейтін бөлігі өтелмеген сотталғандар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылсын.

5. Осы Заңның 1-3-баптарының күші қолданылмайтын, түзелу жолына бекем түскен адамдарға арналған колония-қоныстарға көшірілген сотталғандар, егер осы Заң күшіне енген күні олар жазалау мерзімінің тең жартысын өтеген болса, жазадан босатылсын.

6. Жер айдау және жер аудару негізгі немесе қосымша жаза түрінде қолданылып сотталғандар осындай түрдегі жазадан босатылсын.

7. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шараларына сотталған адамдар, егер бұл жаза негізгі жаза түрінде қолданылса және бас бостандығынан айырумен алмастырылмаса, жазадан босатылсын.

8. Осы Заңның 1-3-баптарының күші қолданылмайтын, абайсыздықтан жасалған қылмыс үшін сотталған адамдардың жаза мерзімінің өтелмеген бөлігінің тең жартысы қысқартылсын.

9. Үш жылға дейінгі мерзімді қоса алғаш рет сотталған және осы Заңның 1-3-баптарының негізінде босатылуға жатпайтын адамдардың жаза мерзімінің өтелмеген бөлігінің тең жартысы қысқартылсын.

10. Еңбекпен түзеу мекемелерінде жаза мерзімінің үштен бір бөлігін өтеген, бұрын бас бостандығынан айыруға әрі кеткенде бір-ақ рет сотталған және осы Заңның - 1-3-баптарының күші қолданылмайтын сотталғандарға жаза мерзімінің өтелмеген бөлігінің үштен бірі қысқартылсын.

11. Осы Заңның 1-бабының күші қолданылмайтын, Қылмыстық кодекстің 132, 133, 200-баптарында көзделген қылмыстар үшін сотталған 14 жастан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың жаза мерзімінің өтелмеген бөлігінің тең жартысы қысқартылсын.

12. Заңның 1-3-баптарында аталған адамдардың осы заң күшіне енгенге дейін жасаған қылмыстары туралы барлық тергеу істерін және соттар қарамаған істерді жүргізу тоқтатылсын.

13. Осы Заңның 1-10, 12-баптарының күші:

а) Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 50-75-1-баптарында, 76-бабының 3,4-бөліктерінде, 76-1-бабының 2, 3, 4-бөліктерінде, 76-2, 76-5, 76-7, 88, 93, 101-баптарында, 132-бабының 3, 4-бөліктерінде, 133-бабының 2, 3, 4-бөліктерінде, 134, 135, 146, 146-1, 147, 173-1-баптарында, 183-бабының 2-бөлігінде, 200-бабының 2-бөлігінде, 203-бабында, 212-1-бабының 2-бөлігінде, 213, 213-1, 213-2-баптарында, 214-бабының 2, 3, 4-бөліктерінде, 214-1, 221-баптарында, 227-бабының "б" және "в" тармақтарында, 229-бабында, 231-бабының "б" және "в" тармақтарында, 234-бабында, 238-бабының "б" тармағында, 244-бабының "в" тармағында аталған қылмыстар үшін сотталғандарға және қылмыстық жауапқа тартылғандарға;

б) ерекше қауіпті қайталап қылмыс жасаушылар деп танылғандарға;

в) бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін екі реттен көп сотталғандарға;

г) бұрын кешірім беру немесе рақымшылық жасау тәртібімен жазадан босатылып, қайтадан қасақана қылмыс жасағандарға;

д) маскүнемдіктен, нашақорлықтан немесе соз ауруларынан толық емделмегендерге ;

е) жаза мерзімін өтеу кезінде қасақана тәртіп бұзушыларға қолданылмайды.

14. Осы Заңның күші республика аумағында жасалған қылмыстар үшін Қазақстан Республикасының соттары және КСРО Одағының әскери трибуналдары сотталған

адамдарға

қолданылмайды.

15. Осы Заң жарияланған күннен бастап күшіне енеді де, алты айдың ішінде орындалады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ